

Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әдеби-музыкалық кеш өткізілді

2021 жылғы 23 сәуірде Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Татулық – береке бастауы» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Іс-шараны «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Қ.С. Қалыбекова, ф.ғ.к., доцент Қ.М. Хамзина, аға оқытушы Г.С.Байпелова, ф.ғ.к., аға оқытушы Н.Т. Нығметова ұйымдастырды. Мерекелік кешке Э-20-2 тобы (оқытушылары К.М. Хамзина, Н.Т. Нығметова), ВТ-20-3 тобы (оқытушысы Ш.А. Жетпісбай), ГПР-20-3, Марк-20-2 топ студенттері (оқытушысы Г.С. Байпелова) белсене қатысты.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – студенттерді қазақстандық патриотизмге, Отанын, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу.

Бұл кеште студенттер өздері даярлаған ән мен жырларын ұсынды, Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесінің шығу тарихы туралы айтылып өтті. Кеш барысында «Сіз білесіз бе?» атты викториналық сұрақтар қойылды. Іс-шара Қазақстанда тұрып жатқан ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның тағылымын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған еліміздегі татулық пен келісімді паш етті.

Студенттер біздің еліміздің басты байлығы - бұл қазақстандықтардың бейбітшілігі мен тыныштығы екенін баса айтты. Ұйымдастырылған іс-шара өз мақсатына жетті деп білеміз!

Қазақстан халқына бейбітшілік пен өркендеу тілейміз!

